

Айыппұл

41-бап



Айыппұл (штраф) - заңда - заңда белгіленген ретте және тәртіпте белгілі бір қағидаларды бұзушы тұлғаларға қолданылатын ақшалай айып салу - заңда белгіленген ретте және тәртіпте белгілі бір қағидаларды бұзушы тұлғаларға қолданылатын ақшалай айып салу, материалдық ықпал ету шарасы. Әдетте айыппұл ақшалай түрде мемлекет пайдасына алынады. Айыппұл түрі қылмыстық құқықта - жазалаудың негізгі немесе қосымша шарасы ретінде қолданылады.



Айыппұл әлемнің көп елдерінің қылмыстық заңдарында кеңінен қолданылады: бұл Англия, Франция мен АҚШ-та қолданылу жиілігі бойынша ең таралған жазалау шарасы болса, Германия айыппұлды маңыздылығы жөнінен екінші орынға қояды; айыппұл Ресей Федерациясы мен Қазақстанда да қолданылады. Қылмыстық жазалау түрі ретінде айыппұлдың артықшылықтарына мыналар жатады: түрмеде отырғандардың санының азаюы; шағын мөлшердегі қылмыс жасағандар мен түрмеде ұзақ отырған ауыр қылмыспен сотталғандардың арасындағы тікелей байланыстың болдырылмауы; жазаның осы түрін орындауына байланысты үстемелердің шағын мөлшерде ғана болуы (арнайы атқарушы органдарын құруға қажеті жоқ); мемлекеттік бюджетке кіріс; сотталып жатқан азаматтың жағдайына байланысты соттың жекеленген үкім шығыра алу мүмкіндігі; заңға мойынұсынушылық мінез-құлқын ынталандыру шараларын қолдану

Қазақстанда айыппұлды қолданудың ауқымы жылдан-жылға артып бара жатыр. Мысалға келсек Әкімшілік Кодекске өзгертулер енгізіліп, жол қауіпсіздік ережесін бұзғандарға қатысты айыппұл мөлшері екі есеге артты. Аталмыш заң 19 сәуірде арнайы баспасөзде жарияланды. Заңға енгізілген өзгертулер айыппұл көлемін арттырып, оның төлем тәртібін күрделендірген. Ең көп кездесетін - жылдамдықты 10-нан 20 шақырымға дейін асыру, рұқсат етілмеген жерге тоқтау, белгіленбеген жерден бұрылу, қиылыста кептеліс жасау сияқты тәртіп бұзушылықтар бойынша арттырылған айыппұлды жүргізушілер сезінетін болады. Ондай тәртіп бұзушылықтар үшін айыппұл көлемі екі есеге артқан. Яғни, бұрын 5 АЕК (9 260 теңге) болса, енді 10 АЕК (18 520 теңге) болды. Мегаполис тұрғыны ретінде екінші қатарға көлік қоюшыларға айыппұлдың артқаны өте қуанышты жайт. Оның мөлшері 7 АЕК-тен 20 АЕК-ке (37 040 теңге) дейін артты.



Мас болып көлік басқарғандар 3 жылға жүргізушілік құқығынан айырылады. Бұған дейін ол мерзім - 2 жыл болған еді. Сондай-ақ, мас күйінде көлік жүргізіп, жол-көлік оқиғасын жасаса, онда 5 жылға жүргізушілік құқығынан айырылады. Сонымен қоса, енді полиция қызметкерінің рұқсатынсыз жүргізушінің, жолаушының көліктен шығуы және полицияның талабы бойынша көліктен түспей отыруы 5 АЕК көлемінде айыппұлмен жазаланады. Ірі көлемдегі айыппұл, ұзақ мерзімдік қамау жол-көлік апаты орынынан заңсыз бірінші болып кетіп қалғандарға, наркодиспансерлік тексеруден өтуден бас тартқандарға тағайындалады.



Айыппұл қылмыстық кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, немесе алынған кіріс сомасына не бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.



Айыппұл көлемін анықтаған кезде, әрбір нақты жағдайда оның мөлшері сотталушы жасаған қылмыстың ауырлығына байланысты саралануы қажет. Егер сотталушы сот тағайындаған айыппұлды төлеуден әдейі жалтарса, онда жаза түрі бас бостандығынан айыру секілді анағұрлым ауыр жазаға өзгертіледі. Сот тәжірибесі көрсеткендей, 2015 жылдан бастап елорда соттары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін 11 лауазымды тұлғаға айыппұл түрінде жаза тағайындады. Ағымдағы жылдың қыркүйек айындағы жағдай бойынша сотталушы тұлғалар бюджетке 300 миллион теңгеден аса айыппұл төлеген.



Назарларыңызға рахмет!

